



Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы" өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 тамыз N 878.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы" өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің

ӨКІМІ

Қазақстан Республикасының

құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары тиісті актілерді дайындау кезінде осы Тұжырымдаманың негізгі ережелерін басшылыққа алсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҮКІМЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Астана қаласы

2002 жыл

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2002 жылғы _____

N ____ өкімімен

мақұлданды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік құқықтық реформа бағдарламасының (1994 ж.) басты нәтижесі мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын белгілеп берген, адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекеттік органдардың жаңа жүйесін бекіткен Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы (1995 ж.) болды. Конституциялық нормаларды дамыту үшін "Қазақстан Республикасының Президент туралы", "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы", "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы", "Республикалық референдум туралы", "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заңдар, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Конституциялық заң күші бар Жарлығы және Қазақстанның жаңа ұлттың заңнамасының негізін қалаған өзге де заңнама актілері қабылданды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының негізінде жаңа конституциялық құқық құрылды, оған сәйкес мемлекетіміз үшін ең ыңғайлы президенттік басқару нысаны нық бекіді. Мемлекеттік биліктің үш тармаққа бөлінуі жүзеге асты. Тұрақты жұмыс істейтін Парламент барған сайын жемісті жұмыс жасауда. Атқарушы билікті нығайту жөнінде шаралар қабылданды.

Жеке меншік, азаматтық қоғам қатынастарын, еркін кәсіпкерлікті реттейтін азаматтық құқық одан әрі дами түсті. Қылмыстық құқық адамның табиғи, ажырамас құқықтары мен бостандықтарын тұтастай қорғау, осы қорғаудың тетіктерін нығайту принциптеріне сай келетін принципті түрдегі жаңа бастау алды. Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық-атқару заңдары әлемдік қауымдастықта бекітілген принциптерге сәйкес айтарлықтай мөлшерде түбегейлі өзгерді.

Сот және құқық қорғау органдарын қайта ұйымдастыру реформаның маңызды құрамдас бөлігі болды. Біртұтас сот жүйесі құрылды, судьялардың дербестігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданды. Сот корпусын құруға биліктің барлық тармағын және судьялар қауымдастығын қатыстыра отырып, судьяларды өмір бойы тағайындау тәртібі енгізілді, судьялардың жалақысы көтерілді, олардың қамтамасыз етілуі мен мәртебесінің деңгейін көтеретін басқа да шаралар іске асырылды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясына сәйкес қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу прокуратурадан бөлінді. Ішкі істер органдарын оларға тән емес функциялардан босату мақсатында өртке қарсы қызмет бұл органдар құрылымынан шығарылды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанынан Құқықтық статистика және ақпарат орталығы құрылып, ішкі істер органдарынан оған қылмыстық-құқықтық статистика ісі берілді. Сонымен қатар ішкі істер органдарынан Әділет министрлігі криминалистік сараптаманы және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап пенитенциарлық жүйені беру жүзеге асырылды.

Бүкіл қазақстандық құқықтық жүйе қоғамның экономикалық және қоғамдық-саяси өмірін бүге-шігесіне дейін регламенттеуден, құқық қорғау органдарының қызметінде жазалау-қуғындау әдістерінен, сот ісін жүргізуде айыптау бағытынан және мемлекет пен жеке меншік иесінің өзара қарым-қатынастарында мемлекеттік мүдделердің басымдығынан арытылды.

Алайда, елдің заң жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкестендіруді негізінен қамтамасыз ететін құқықтық база одан әрі дамытуды қажет етеді.

Қоғамда құқықтық реформаның қорытындыларын талқылау нәтижесінде Республика Конституциясының және оның негізінде қалыптасқан заңдардың базасында құқықтық жүйені үдемелі қарқынмен дамыту туралы пікір басым болды. Одан әрі құқықтық даму қолданылып жүрген заңдарды кезең-кезеңмен жетілдіруді, сондай-ақ қажет болған жағдайда, жаңа нормативтік құқықтық актілер қабылдауды қамтуға тиіс.

Ұлттық құқықтық жүйені үйлесімді ету, құқық қолдану практикасының тиімділігін арттыру, мемлекеттік тетіктің барлық құрамдас бөліктерінің жұмыс істеуін жетілдіру, сондай-ақ қазақстандықтардың құқықтық санасы мен азаматтық патриотизмін қалыптастыру, мемлекеттік биліктің үш тармағы институттарының өзара іс-қимыл мәселелерінде теңгерімділікке қол жеткізу ісі мұндай дамудың бағыттары ретінде болуы мүмкін.

Заң шығару қызметінде орта мерзімді перспективамен ұлттық заңдардың бүкіл массивін жүйелеу бойынша жоспарлы жұмысқа көшу керек.

Заңнаманы одан әрі жетілдіру процесінде Конституцияның үстемдік ету және төменгі деңгейдегі актілер нормаларының жоғары деңгейдегі актілерге сәйкес келу принциптерін бұлжытпай сақтау қажет.

Қолданыстағы заңдар нормаларын мына шараларды:

қоғамдық қатынастардың кейбір маңызды салаларын құқықтық реттеу ісіндегі кемшіліктерді толықтыруды;

заң жобалау қызметін жоспарлауды жақсарту мақсатында оның қызметін перспективалық (3 жылға) жоспарлау практикасын енгізуді;

заң жобалары бойынша, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік мүддесіне сәйкестігіне ғылыми сараптама жүргізу практикасын жалғастыруды және кеңейтуді;

заңдарды біріздендіру мақсатында оларда пайдаланылатын терминдердің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бірыңғай тізбесін қалыптастыруды;

барлық қабылданып отырған заңдарды тиімді іске асыру үшін жағдай жасау мақсатында оларды қаржылай қамтамасыз етудің жеткіліктігі принципін мұқият сақтауды іске асыру арқылы жетілдіруге болады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары

мен әкімшілік құқық бұзушылыққа тікелей немесе жанама жағдай туғызушы алғы шарттарды табу мақсатында нормативтік құқықтық актілер жобасына криминологиялық сараптаманы енгізу қажет.

Бұдан басқа, құқықтық регламенттеуді талап ететін қоғамдық қатынастарға талдау жасау қажет. Бұл тиісті нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келтірілмеген және осындай регламенттеуді талап ететін қоғамдық қатынас саласында талдау жасауды қажет етеді.

Заңнаманы жүйелеу оның барлық үш нысанын қолдану: инкорпорациялау, жинақтау және шоғырландыру арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Қоғамда жалпы мемлекеттік мүддеге нұқсан келтіретін қозғалыс әлі де бар. Осыған байланысты лоббилендіру сияқты құбылысқа өркениетті, заңдық шеңберде мән беру қажет, сондықтан лоббишілдер қызметін мемлекеттік реттеу үлгісін анықтап алу керек.

Бүгіндері заңнама актілері мемлекеттік органдарға мазмұны кейде заң шығарушының идеясына сай келмейтін, кейде оны тікелей бұрмалайтын өз актілерін қабылдауға мүмкіндік беретін бланкеттік (сілтемелік) нормалардың көп мөлшерін қамтиды. Мемлекеттік органдардың норма шығармашылығы практикасында ведомстволық көзқарас жойылмаған, нәтижесінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа, адам құқығын, бостандығын және азаматтар мен ұйымдардың заңды мүдделерін кемсітуге жол берілген. Осындай жағдайлар заңдарды заңға тәуелді актілермен ауыстыру фактісіне әкеп соқтырады. Осыған байланысты заңнама актілерін қалыптастыру процесі сілтемелік нормаларының санын мүмкіндігіне қарай барынша азайтумен сипатталуға тиіс. Сонымен қатар, олардың толықтай іске асырылуын қамтамасыз ететін, қабылданған заңдар қолданысына енгізу тетіктерін жетілдіру, жаңа заңдарды іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді актілердің уақытында қабылдануын қамтамасыз ету қажет.

Жергілікті норма шығармашылығы сапасын арттыру мәселелері өзінің шешімін талап етеді. Сонымен бірге мемлекеттік орталық органдармен қабылданатын актілер әділет және прокуратура органдарының жеткілікті тиімді бақылауында, жергілікті мемлекеттік органдардың актілері осы органдар назарынан едәуір дәрежеде тыс қалып отыр. Осыған байланысты осы актілерге қатысты ведомствоаралық сипаттағы немесе азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты жалпыға міндетті маңызы бар актілерді тіркеу міндеттілігі туралы заң нормаларын іске асыруға бағытталған қосымша шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар жергілікті мемлекеттік органдардың норма шығармашылық қызметін ретке келтіру, сондай-ақ олармен қабылданатын актілер мазмұнының сапасын арттыру қажет.

Қазіргі уақытта жоғары заң білімін беретін ұйымдар көп. Алайда, бұл ұйымдардағы мамандарды даярлау сапасы ойдағыдай болып отырған жоқ. Бұл мәселе тез арада шешілуін талап етеді. Сонымен қатар өсіп келе жатқан отандық құқықтық ғылымды қолдау жөнінде шаралар жүргізу қажет.

Сонымен бірге заңгерлік ЖОО-да оқытылатын міндетті пәндердің тізілімін қысқарту қажеттігін қарастыру керек, сөйтіп барлық мүмкіндіктерді құқық саласы бойынша болашақ заңгерлердің мамандануына жұмсауға кең жол ашылады.

Құқықтық мемлекет құру мақсатында айқын құқықтық саясатты қалыптастыру керек. Оны барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өздерінің қызметтік іс-тәжірибелерінде іске асыруы тиіс. Оның негізгі принциптері болып заңдылық принципі, демократия, ізгілендіру, қазақстандық патриотизм, құқықтық басымдылық пен адам бостандығы. Сонымен, құқықтық саясат құқықтық жүйенің базалық механизмінің дамуы мен негізгі бағытын мемлекеттік көріністе қамтып көрсету және белгілі бір уақыт мерзімінде құқық қолдану шарасын жетілдіру.

2. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін одан әрі дамыту, адам мен азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығын сақтау, мемлекеттік кепілдіктерді нығайту

Қазақстан Республикасының Конституциясында паш етілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы, құқықтың үстемдік алу, мемлекеттік билікті тармақтарға бөлу және олардың келісіп жұмыс істеу, бірегейлік принциптеріне негізделген демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру бағытының заңнамада дәйекті түрде іске асырылуын қамтамасыз ету керек.

Сонымен қатар адам құқықтарының басымдылығы қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне үйлесімді сәйкес болуы қажет.

Құқықтық жүйені бұл бағытта дамыту, жағдайлардың пісіп-жетілуіне қарай оны халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына сәйкес келтіру қажеттілігі Мыңжылдық саммитінде қабылданған (2000 ж.) БҰҰ-ның Мыңжылдық декларациясында бекітілген. Декларация мемлекеттердің, әлемдік қауымдастықтың "демократияны қолдау және құқықтық тәртіпті нығайту" үшін күш жұмсау қажеттілігін ерекше атап көрсетеді.

Конституциялық заңдарды жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі саяси жүйені ырықтандыру болып табылады. Халықтың саяси белсенділігі нысандарының алуан түрлі болуын нақты қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар қоғамдық бірлестіктермен әріптестік практикасын кеңейту қажет. Заң жобалау қызметтерінің қосарлануына жол бермеу үшін үкіметтік құрылымдардың Парламент депутаттарымен өзара қарым-қатынастарын жақсартқан жөн.

Үкімет туралы заңнама оның қызметінің тиімділігін және қабылданған шешімдердің жауаптылығын арттыру мақсатында әрі қарай жетілдіруді қажет етеді.

Сайлау заңдарын, сайлау процесін ұйымдастыруды, сайлау алдындағы іс-шараларды жариялауда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін нығайтуды одан әрі жетілдіру қажет. Бұл орайда, атқарушылық биліктің бірыңғай жүйесінің бұзылуы және

басқарудың ұйымдаспауын, сондай-ақ мемлекеттік құрылыстың біртұтастығының бұзылу мүмкіндігін болдырмайтын құқықтық тетіктерді жасау керек.

Мемлекеттік басқару жүйесі жұмысын тиімді құру мақсатында жергілікті мемлекеттік басқару міндеттерінің тиімділігін арттыру үшін жағдайлар туғызу, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік биліктер арасындағы қызмет, міндеттер мен жауапкершіліктер аясын анық ажыратуды қамтамасыз ететін заңдарды одан әрі жетілдіру қажет.

Азаматтық қоғам институттарының нығаюына жергілікті өзін-өзі басқару институттарын қалыптастырудың кезең-кезеңімен өтуіне ықпал етуге арналған.

Республикада Адам құқықтары жөнінде уәкілетті институтын құру (Омбудсмен) қажеттілігі туды.

Азаматтық құқықта құқықтық қатынастар орнықтылықпен және тұрақтылықпен ерекшеленуге тиіс. Азаматтық заңдардың тұжырымдамалық өзгерістері аса қажет болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы керек.

Азаматтық заңдар қолданылмайтын азаматтық-құқықтық болып табылатын құқықтық қатынастар айналымын қысқарту қажет.

Жалпы алғанда, азаматтық заңдар меншікке қол сұқпаушылықты және тауар-ақша қатынастарына қатысушылар қызметінің бостандығын қорғауы керек. Бұл үшін, ең алдымен, меншік құқығын, мүліктік және міндеттілік құқық институттарын толық көлемінде қалпына келтіру, қоғам мен жеке адам мүдделерінің барынша үйлесуінің, оның әлеуметтік мақсатына сәйкес құқықтық пайдалануының негізінде және құқықтық мемлекеттің: "мемлекетпен тікелей тыйым салынбағанның бәріне рұқсат" деген негізгі принципіне сәйкес жеке-құқықтық қатынастардың заңнамалық базасын одан әрі дамыту қажет.

Нарықтық қатынастардың одан әрі дамуы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге жеке меншік институтын енгізуді қатаң талап етеді.

Қоғамды демократияландыру мақсатында үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты жалғастыру қажет, оларға жан-жақты көмек көрсету, олардың мәртебесін заңдық деңгейде бекіту керек.

Қазақстан заңдарындағы жаңа бағыттардың бірі санаткерлік меншік объектілеріне құқық туралы заңдар болып табылады.

Ол Қазақстанның экономикалық, технологиялық және ақпараттық қауіпсіздік мүдделерін сақтауға негізделуі тиіс.

Ғылыми-техникалық жетістіктерді құруға және пайдалануға қатысты бірқатар заңнамалық және заңға тәуелді актілерді қабылдау қажет, олар өз кезегінде санаткерлік меншік объектілерінің айрықша құқық иелері және көрсетілген объектілердің иегерлері - азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғауға бағытталған іс-шаралар кешенін нақты іске асыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғау тұжырымдамасына сәйкес заңдарды әлеуметтік тәуекелдер түрлері және төлемдердің негіздемелері бойынша

кезең-кезеңмен жүйелеу көзделуде. Халыққа медициналық көмек көрсету көлемін кеңейтетін, жұмыс берушілердің өздерінің жұмысшыларына міндетті медициналық сақтандыру енгізу туралы мәселе шешуді талап етеді.

Нарықтық экономикадағы еңбек қатынастары нысандарының әр түрлілігі мен күрделілігі еңбек кодексінің жобасын әзірлеуді қажет етеді. Осымен қатар азаматтық қызмет туралы заңды қабылдау қажеттілігі туындайды.

Халықты әлеуметтік қолдау, еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандырудың қосымша нысаны болып табылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу қажет.

Құқықтық құралдарда әлеуметтік қарама-қайшылықтарды шешу тетігін құрудың өмірлік маңызы бар, әлеуметтік шиеленісушіліктің саяси қанатқа өтуіне жол бермеу керек. Фактордың қайнар көзі кәсіби одақ қызметі болып табылады. Кәсіподақ туралы заңдарды жетілдіру күтілуде.

Кәсібилігін арттыруға және мемлекеттік қызметтің тұрақтылығына, қызметтік өсуін ынталандыруға, әрекеттеп кадрлық резервтер құруға, жалпы мемлекеттік кадрларды оқыту жүйесін құруға, мемлекеттік әкімшілік қызметкерлердің әлеуметтік және құқықтық қорғау шараларын күшейтуге бағытталған мемлекеттік қызмет туралы заңдарға өзгерістер енгізу қажет мемлекеттік қызметтің тұрақтылығы мен кәсібилігін көтеруге бағытталған қызметтік өсуді ынталандыру, кадрлық резервті ұтымды қалыптастыру, кадрларды жалпы мемлекеттік жүйеде оқытуды құру, мемлекеттік әкімшілік қызметкерлерді құқықтық қорғау және әлеуметтік шараларды күшейту.

Мемлекеттік қызмет туралы заңдарды жетілдіру үрдісінің басты бағыттарының бірі қызметтік баспалдақ бойынша қызметтік өсу жүйесіне өту.

Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік қызметкерлерінің тәртіп нормасын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікті күшейтетін заңдарды реттеу және нақтылау қажеттілігі пісіп-жетілді.

Шетелдік азаматтар асырап алатын кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселелерін заңдармен реттеу, сондай-ақ мүгедектердің құқықтарын қорғау туралы заң қабылдау қажеттілігі әбден пісіп-жетілді.

Экономиканы мемлекеттік реттеу саласындағы заңдар мемлекеттік экономикалық реттеудің оңтайландырылған тетігін дайындау және оның қызметіне арналған қолайлы жағдайлар жасау саласындағы қатынастарды реттеуге, әлеуметтік-экономикалық үрдістерінде рыноктық қатынастарға қатысушылардың экономика субъектілерімен өзара іс-әрекеттер тәртібін белгілеуге шақырады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі, соның ішінде нарық шаруашылығының қабілетсіздігі инфрақұрылымдық дамытуды шешу, кейбір өнеркәсіптік салаларын қайта жөндеу, табиғи монополиялар қызметтік тарифтерін реттеу, ғылыми-зерттеу, эксперименттік және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жалпы мемлекеттік масштабта ұйымдастыру мен қаржыландыру керек. Осы

міндеттерді шешуді мемлекет тікелей өзіне инвестициялық, тарифтік, салықтық және сауда саясаттарын жүргізу арқылы алуға мәжбүр.

Әлемдік тәжірибені зерделеу көрсеткендей, көптеген дамыған және орташа дамыған елдер тұрақты даму сатысына белгіленген салаларда мемлекет рөлінің белсенділігі мен мемлекеттік экономикалық реттеу жүйесі арқылы өткендерін көрсетеді.

Сондықтан экономиканың одан әрі дамуы рынокқа қатысушылардың қызметін баламалы мемлекеттік реттеу кезінде жүзеге асырылуы тиіс, бірақ олардың еркін кәсіпкерлік қызметке конституциялық құқығы сақталады.

Қаржы, банк заңдары жаңа рынок қатынастарында экономиканың жұмыс істеуі үшін оңтайлы құқықтық ортамен қамтамасыз ету, қаржылық құралдардың және мемлекеттің жеке кәсіпкерлікті қолдауын дамытуы және одан әрі жетілдіруі қажет.

Қаржы саясаты және елдің ақша айналымы саласында Тұжырымдама басымдықтары мемлекет саясатының құрамдас бөлігін құрайтын, мемлекеттің, азаматтардың және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауда іс жүзінде құралы болуға қабілетті, қазіргі тұрақты ұлттық қаржы нарығын құрумен байланысты. Бұл мақсаттар: а) ұлттық қаржы жүйесінің негіздерін жетілдіру; б) қаржы құралдарын қолдану саласын кеңейту; в) қаржыларды мемлекеттік реттеуді күшейту және мемлекеттің қаржылық қызметін нығайту; г) қаржылық ресурстары бар тұлғалардың заңды мүдделерін қорғау; д) Қазақстанның халықаралық қаржы жүйесіне кіру жөніндегі кешенді шаралар әзірлеу және шетелдіктердің республиканың қаржылық нарығына қатысу шарттарын белгілеу арқылы іске асырылуы мүмкін.

Банк қызметінің заңдар базасын дамыту заң шығару үрдісінің маңызды міндеті болып табылады. Осындай заңдар дүниежүзілік банк практикасында жалпы таныған банк қызметтерінің жаңа түрлерін дамытатын, клиент пен банк арасында тең құқықтық қатынастар орнатуына әрекет ететін, нарықтық қатынастардың даму принциптеріне толық дәрежесінде сай келетін банк қызметін реттеуге қажет. Қор рыногын реттейтін заңдарды одан әрі дамыту қажет.

Нақты сектордың бұдан әрі жетілдірілуі үшін акционерлік қоғам, есепке алу және есеп қызметі мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңдарға өзгерістер енгізілуі қажет.

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі өте күрделі, әртекті жоспарлы және кеп қызметті жүйені құрайтындықтан қаржы бақылау жүйесін жетілдіру қажет. Осыған байланысты қаржы қылмыстарына қарсы күреспен айналысатын органдардың тәуелсіздігін арттыру және нығайту мәселелеріне бөлек назар аудару керек. Сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге сәйкес қылмыс жолымен түскен кірістерді заңдастыруға қарсы іс-әрекет мақсаттарында қаржы операциялары мониторингін регламенттейтін, "ақшаның ағылуы", терроризмге қарсы күрес жөніндегі нормативтік актілерін қабылдау қажет.

Бюджет саласындағы заңдар сапалы жаңа бюджетаралық қатынастар жүйесін құру, бюджет процесінің барлық деңгейдегі және кезеңдегі бюджеттік бағдарламасын дамытуды қамтуы керек. Бюджетті орындау туралы жоспарлау, орындау, бақылау және есеп беру үрдістерінде пайдаланылатын нормативтік құқықтық актілерді жүйелендіретін бюджет кодексін қабылдау қажеттілігі туып отыр.

Салық заңдары экономика саласында мемлекеттік реттеудің құралдарының бірі ретінде ол кәсіпкерлік қызметтің дамуына және мемлекеттің тікелей қызметін орындауы үшін бюджет қаражаттарын жеткілікті түрде қамтамасыз етуге ықпал етуін, экономикалық дамудың перспективаларын ескеруі қажет. Салық заңдары экономикалық базистерді дамытуға ынталандыру мақсатында салық салудың озық нысандарына сатыланған және бағытталған болу керек. Салық заңдарын одан әрі жетілдіру жөнінде қажетті: "көлеңкелі" айналымдарға жариялылық сипат беру, салық жүктемесін төмендету, барлық ережелерін анық белгілеу және нақтылау шараларын қабылдау керек.

Қазақстанды әлемдік экономикалық қатынастар жүйесіне сатылы шоғырландыру кеден істерін жетілдіруді талап етеді. Қолданыстағы кеден заңдарының қолайсыздығы салдарынан кеден органдарында сыбайлас жемқорлықтың, көлеңкелі бизнестің және контрабандалардың өсуіне жол беріп, бұл ақыры аяғында ел экономикасына тұтасымен кері әсерін тигізуде.

Кеден Кодексін әзірлеу және қабылдау арқылы Кеден заңдарын жетілдіру халықаралық талаптар мен стандарттарға сай, сауда үшін қолайлы сыртқы экономикалық жағдайларды қамтамасыз етеді.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңдарды жетілдіру осы саладағы жаңа технологиялардың дамуымен қатар, мемлекеттік жүйені құқықтық қамтамасыз ету ақпараттық қауіпсіздік қатерлерге қарсы іс-әрекеттер және ақпараттық және компьютерлік технология саласында құқық бұзушыларға қарсы күрес жүргізуді көздейді.

Әлемдік ақпарат жүйесіне Қазақстанды жақындату ақпараттық және компьютерлік технология салаларындағы құқық бұзушылықты анықтау, алдын алу және жол бермеу тиімді тетіктерін құрумен байланыстырылады. Арнайы жасалатын техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру және іске асыру саласындағы мемлекеттік реттеу тетіктерін жетілдіру қажеттілігі туындайды. Бұл арнайы жасалатын техникалық құралдарды әзірлеу және өндіру саласындағы ұлттық инфрақұрылымдық ғылыми-өндірісті құруды және міндеттерін және осы саладағы ғылыми және өндірістік жұмыстарды үйлестіруді реттейтін нормативтік құқықтық базалар әзірлеуді талап етеді.

Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды жетілдіру тәртібімен:
экологиялық сақтандыру жүйесін;

браконьерлік және орман бұзушылыққа қарсы күрес, кінәлілерді бұлтартпай жазаға тартатын және қоршаған ортаға келтірген шығындарды өтеуді қамтамасыз ететін мемлекеттік бақылау жүйесін барынша жетілдіруді;

біртұтас мемлекеттік экологиялық мониторинг жүйесін;

белгіленген нормативтерден тыс, қоршаған ортаны ластаған кәсіпорындарға міндетті экологиялық аудитті;

коммуналдық және өндірістік қалдықтарды басқару жүйесін;

қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және реттейтін экономикалық құралдарды барынша жетілдіруді енгізу үшін қажетті заңдар мен заңдарға тәуелді актілерді әзірлеу түр.

Су, жер, орман ресурстарын, өсімдік және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі заңдарға шаруашылықта пайдалануға бағытталған ғана емес, табиғи ресурстарды қорғау және өндіру жаңа заң нормалары қажет. Жер қойнаулары мен жер қойнауларын пайдалану туралы заңдарда пайдалы қазбаларды өндіру бойынша кәсіпорындар қызметтерінің тарату жөніндегі шаралары көзделуге тиіс.

Әкімшілік заңдарын дамыту осындай қызмет үрдісінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау тетігін құра отырып, мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау қызметін жетілдіруді, бақылау-қадағалау қызметін жүзеге асыру кезінде басы артық мемлекеттік буындарды жоюды және жазадан бұлтару принциптерін орындауды қамтамасыз ететін, орталықтандырылған айыппұл салу жүйесін құру, әкімшілік әрекет шараларын қолдану кезінде заңдылықтың сақталуы үшін қажетті ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын сол буындарды нығайтуды көздейді. Әкімшілік жауапкершілікті күшейту Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің жекелеген баптарын қылмыстық сипаттан арылтады деп күтілуде.

Қылмыстық заңдарда заңмен қорғалатын әлеуметтік жоғары құндылықтар ретінде, адам құқықтары мен бостандығының бастаптылығы мен ажырамастығын тануды басшылыққа алу қажет.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын іске асыруда заңдылық және ұйымдастырушылық шараларын қабылдауды қарастырады оларға қатысты:

өлім жазасын қолдану аясын біртіндеп тарылту бағытын, сондай-ақ өлім жазасына моратория жариялау мүмкіншілігін қарауды жалғастыру;

ауыр емес қылмыстарға жататын, соның ішінде оларды әкімшілік және азаматтық-құқық жауапкершілігіне аудару арқылы құқық бұзушылықтарды одан әрі қылмыстылық қатарынан алып тастау;

ауыр емес қылмыс жасаған адамдарға қатысты бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза қолдануды кеңейту;

ауыр емес және бірінші рет ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты бас бостандығынан айыруды қолдану саласын қысқарту;

бас бостандығын шектеу, қамауға алу, өмір бойы бас бостандығынан айыру сияқты жаңа жаза түрлерін көздейтін қылмыстық-құқықтық нормаларды дер кезінде енгізу үшін қажетті жағдайлар жасау шаралар кешенін қабылдауды көздеуге тиіс.

Қылмыстық саясат ауыр емес және орташа ауыртпалықтардағы қылмысты бірінші рет жасаған адамдарға, сондай-ақ халықтың осал топтарына - әйелдерге, кәмелетке толмағандарға және қарт адамдарға қатысты имандылық бағытында дамитын болады. Сонымен бірге оны ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған адамдарға, қылмыстық қудалаудан жасырынып жүрген адамдарға, сондай-ақ қауіпті және аса қауіпті деп танылған баукеспелерге қатысты күшейте түсуді қажет етеді.

Көптеген азаматтар тартылатын және қоғамның тұрақтылығы тәуелді міндеттерін тиімді орындау, қылмыстық мән-жайлардан адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекет мүддесін, еліміздің құқық тәртібі жағдайын қорғау үмітіне сенімділігі кіретін, олардың қызмет саласын, ішкі істер органдарының заңдық базасын жетілдіруді жалғастыру керек.

Әр түрлі санаттағы адамдарды (қылмыскерлер; тергеуден, анықтаудан және соттан жасырынған; сот актілерін орындаудан, соның ішінде алимент төлеуден жалтарған; хабарсыз кеткен адамдар; азаматтық істер бойынша жауапкерлер, өзге де іздеуде жүрген адамдар) іздеуге байланысты заңнама нормаларын нақтылау және оған барлық мүдделі мемлекеттік органдарды қатыстыру қажеттігі пісіп жетілді.

Қылмыстың алдын алу және оңалту, онымен күрестегі табандылық, жедел-ізвестіру қызметін жетілдіру, шын мәнінде қалыптасқан оперативтік ахуалға тиісінше назар салу, ақпараттық қамтамасыз ету мен талдау жұмыстарының деңгейін көтеру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту басым бағыттар болып табылады.

Әрі жергілікті, әрі республикалық деңгейлерде құқық бұзушылықтардың алдын алудың тиімді жүйесін құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдардың халықпен байланысын белсенді дамыта отырып құру қажет. Мектептер мен оқу орындарында құқықтық мәдениеттің өзекті проблемалары жөнінде міндетті немесе факультативтік сабақтарды енгізу керек.

Халықаралық қоғамдастықтың қазіргі басымдықтарынан бастау алынып, нашақорлық пен есірткі бизнесінің, терроризмнің, діни экстремизмінің, адамдар, әсіресе әйелдер мен балалар сатудың, компьютерлік қылмыстың, атыс қаруын және оның бөліктері мен оқ-дәрісін заңсыз жасау мен айналымының, сыбайлас жемқорлық сипатындағы халықаралық қылмыстардың, сондай-ақ ақшаның ағылу саласына қатысты қылмыстардың алдын алу мен тыюға бағытталған нормаларды дер кезінде енгізуге ерекше назар аударылатын болады.

Мемлекеттік шекараны қорғауды одан әрі нығайтуды, стратегиялық маңызды объектілердің, (жоғары қауіп бар кәсіпорындардың және коммуникациялардың) қауіпсіздігін, қару мен оқ-дәрілердің сақталуын, мемлекеттік органдардың қазақстандық азаматтардың діни сана-сезімін радикалдандыруға жол бермеу,

экстремистік идеяларға насихатпен қарсы тұру жөніндегі жұмысын қамтамасыз етуді регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру терроризммен күрес жөніндегі жұмыстың маңызды бөлігі болады. Діни экстремизм идеялары бар материалдарға пысықтау мен теологиялық орталықтандырылған сараптама жүргізу тетігін енгізу керек болады.

Халықаралық өзара іс әрекеттің тиімділігін арттыру мақсатында екі жақты ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық базасын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек. Бұл жұмысты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау және арнаулы органдарымен және Еуразиялық экономикалық қауымдастық пен Орталық Азия қауымдастығының тиісті құрылымдарымен жандандыра түскен жөн. Осы тұрғыда Қылмыспен күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасын, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықаралық терроризммен және экстремизмнің өзге де көріністерімен күрес жөніндегі бағдарламасын, сондай-ақ әзірленіп жатқан ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-әрекет туралы тұжырымдаманы іске асырудың нақты тетігі жасалуы тиіс. Азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауға бағытталған бірдей бетбұрысқа мүмкіншілік туғызу қажет.

БҰҰ-ның құқық қорғау саласындағы жобалармен бағдарламаларына тығыз байланыс жасау қажеттілігі туындап отыр. Қылмыстың аса қауіпті түрлерімен күрес, өзара ақпарат қауіпсіздігі саласында халықаралық ынтымақтастық туралы үлгілі шарт жасасу практикасын жалғастыру керек. Азаматтардың құқығын, бостандығын, және заңды мүдделерін сақтауға бағытталған күзгі қадамдарға жан жақты ықпал жасау қажет.

Қаржы-шаруашылық қызмет саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін асыра пайдаланушылыққа жол бермеу мақсатын жетілдіру, мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу, қызмет этикасы нормаларын сақтау жөніндегі, сондай-ақ құқық қорғау органдарының мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық процестерін тежеу, криминалдық құрылымдарды жою, экономика саласындағы қылмыстарға қарсы тұру және мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы нысандары мен әдістерін оңтайландыру жөніндегі жұмыстарының нәтижелілігін арттыру негізгі міндеттер болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды іске асыру тетігін пысықтау "ұйымдасқан қылмыс", "сыбайлас жемқорлық" ұғымдарына нақтырақ анықтама беру қажет етіледі. Қылмыстық кодексте көзделген қылмыстарды сыбайлас жемқорлық қылмысына жатқызу тек заңмен анықталуы тиіс.

Зорлық жасағаны үшін жауаптылық мәселесі БҰҰ-ның Зорлық-зомбылыққа қарсы Комитетінің ұсыныстарына сай ерекше назар аударылатын болады.

Қылмыстық-іс жүргізу заңдары одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Бұл реттің негізгі мақсаты қылмыстық сот ісін жүргізу аясына тартылған адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға байланысты сот ісін жүргізу

қағидаттарының нақты нормаларында одан әрі дәйекті түрде іске асырумен, сондай-ақ тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтығы негізінде сот төрелігін жүзеге асырумен байланысты.

Қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбау, соттық сөзбұйдалыққа салу фактісінен арылу мақсатында іс жүргізу заңына басты сот талқылауын үзіліссіз өткізу туралы норма енгізілуі тиіс.

Бәсекелестік қағидатының нақты қолданылуын қамтамасыз ету бағытында адвокаттардың (қорғаушылардың) іс жүргізуде уәкілеттіктерін кеңейту, сондай-ақ тараптардың теңдігін іске асырудың құқықтық тетігін қалыптастыру қажет. Қылмыстық істерді тергеу және сотта қарау кезінде қылмыстық процесті жүргізуші органдардың (адамдардың) іс-жүргізу тәуелсіздігін одан әрі нығайтуға бағытталған құқықтық сипаттағы шаралар қабылданатын болады.

Іс жүргізу заңдарын жетілдірудің өзекті бағыттарының бірі істі сотқа дейін дайындау сатысында да, сот сатыларында да рәсімдерді жеңілдету және жеделдету болып табылады. Осыған байланысты анықтау органдарының дәйектілігін кеңейту, сондай-ақ анықтау және алдын ала тергеу рәсімдерін жеңілдету көзделуде. Бас бостандығын шектеу шараларын қолдану тетіктерінде барынша қамауға алу (кепілдік, үйде қамауда ұстау) балама тәжірибесін қолдану қажет.

Анықтау және алдын ала тергеу рәсімдерін ықшамдау мына бағыттар бойынша: онша ауыр емес қылмыс жасаған адамдардың жауапкершілігі туралы мәселені жедел қарауға арналған, жекелеген қылмыс құрамдарын әкімшілік құқық бұзушылық санаттарына өткізу арқылы қылмыстық сипат бойынша және қылмыстық процестің тиімділігі мен жеделдігін арттыру үшін айыптау хаттамасын жасау жеткілікті осы тәртіпті дәлелдерді іздеу, бекіту және бағалауда аса күрделілік тудырмайтын істерге таратып және алдын ала тергеу жүргізу қажеті жоқ істер тізбесін кеңейту жүзеге асырылуы қажет.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде қылмыстық саясатқа ізгілік сипат берудің көрінісі мыналар болып табылады:

заңда үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделген адамдарға қылмыс жасағаны үшін қамауға алу қолданылуына сәйкес өзгерістер енгізу;

сотталушыларды қылмыстық істерді қарау кезеңінде сотталғандарды қамауда ұстауды заңмен шектеу;

жәбірленушіге мүліктік және моральдық, сондай-ақ денсаулығына келтірілген зиянды өтеу медиациясын ресімдеу арқылы қылмыстық жауапкершіліктен босату мүмкіншілігіне ие болатын қылмыстар тізімін кеңейту және тиісті рәсімдерді заңмен реттеу жолымен татуласу институтын енгізу.

Жәбірленушілердің, соның ішінде мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау қылмыстық қудалаудың негізгі принциптері болуға тиіс. Осы мақсатта

келтірілген залалды өтеуде әділ сотқа жол беретін нақты тетіктерді құруды қамтамасыз ететін нормаларды қарастыру қажет.

Қылмыстық-атқару жүйесінің заңдар базасын жетілдіруді адам құқықтары туралы халықаралық актілердің және сотталушылармен қарым-қатынастың негізгі қағидаттары мен тәртібін белгілейтін халықаралық келісімдердің негізгі ережелерімен сәйкес келтіру, оның материалдық-техникалық базасын одан әрі жетілдіру мақсатында жалғастыру қажет. Шартты-мерзімінен бұрын босату, сондай-ақ қылмыстық-атқару инспекциясының рөлі мен маңызының сапасын өзгерту институтын қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар қылмыстық-атқару жүйесін ізгілендіру саясатын жүзеге асыруды жалғастыру қажет.

Қылмыстың қайталануының алдын алу мақсатында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеуге, әлеуметтік бейімдеу жөніндегі тиісті орталықтардың жұмыс істеуіне бағытталған нормативтік актілерді әзірлеу қажет.

Адам мен азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың мемлекеттік кепілдіктерін нығайту мақсатында өзінің қызметін қылмыстық қудалау мен жазалауға ғана бағыттау емес, тек азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаушы орган болатын құқық қорғау органдарының жүйесіне өтуі қажет. Бұл орайда осы мақсатты құрайтындардың бірі ретінде кадрлық саясат тұрақтылығы мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің біліктілік және тәртіп талаптарын арттыру мәселелеріне назар аудару қажет. Жеке сот сараптамалық өндірісі түрлері құқығын ішкі істер органдарына беру лайықтылығы туралы мәселесін қарау керек.

Құқық қорғау органдары жұмыстарының толық көлемділігі және мақсаткерлігі мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңес тарапынан олардың қызметін үйлестіруге назар аудару қажет.

Құқық қорғау органдарының қызметтерінде басты басымдылық азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ халықтың белсенді қатысуынсыз табысты болмайтын құқық бұзушылықтың алдын алуға ерекше назар аударуды белгілеу қажет. Осы орайда кәмелетке толмағандар арасындағы қаңғыбастық пен құқық бұзушылықтардың алдын алуға назар аудару қажет кейіннен осыған сәйкестендірілген заң актілерін қабылдауды қажет етеді, бұл лауазымды тұлғалардың кәмелетке толмағандармен жұмыс нәтижесі жауапкершілігін арттырып қана қоймай сонымен бірге өз тапсырмаларымен функцияларын шешуде олардың құқықтарымен міндеттерін анық белгілейді.

Ұлттық қауіпсіздік пен ел тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін шетел азаматтарының Қазақстан Республикасы аумағына заңды келуі және қызметі, сондай-ақ шетелде біздің азаматтарды қорғау және қорған болу кепілін қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аудару қажет.

Қылмыстық қудалаумен және сот билігімен өзара іс-қимылдың әртүрлі нысандарымен бірге қадағалау функцияларының кең ауқымда біріктірілген прокуратураға өз әлеуетін және құқықтық мемлекеттің идеяларын, Конституцияның баяндылығын бекіту және одан әрі дамыту үшін заңмен берілген өкілетті барынша пайдалануы тиіс. Прокурорлық қадағалау адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерінде басты сипатқа ие болуы қажет. Бұл әсіресе прокурор алдын ала тергеу және анықтау үшін қадағалауды жүзеге асыру кезінде қылмыстылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге барынша әрекет ететін прокурорлық қадағалау шараларымен қылмыстық қудалау органдары мен оның лауазымды адамдары тараптарынан кез келген заңдылықтың бұзылуын белсенді жолын кесуі аса маңызды.

Прокурорлардың негізгі күш-жігері мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықты қамтамасыз етуге көзделуі және Үкімет, жергілікті атқарушы өкілетті органдардың актілерінде, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарында басты үлгі болып таратылуы қажет.

Заңдылықтың бұзылуына прокурорлық әсер ету актілерінің орындалуының міндеттілігін бекіту заңнамалары қолда бар құқықтық тұтқаларға ықпал ету нығайту болып табылуы тиіс.

Азаматтардың конституциялық құқықтарымен бостандықтарын сақтау кепілдігін қамтамасыз етуде жедел-іздестіру қызметінде прокуратура органдарының қадағалау функцияларын одан әрі кеңейту қажет.

Прокуратура органдарының жұмыстары сот актілерінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыруда, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде, сот төрелігін жүзеге асыру тек соттармен, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде соттардың тәуелсіздігі мен олардың тек Конституцияға және заңға бағынуын конституциялық принциптерге сәйкес соттармен өзара қарым-қатынастарды құруға бағытталуы тиіс.

Бұл салада прокурорлардың қызметі істің барлық сот сатыларында қаралуын, сот шешімдерінің нақты және уақытылы орындалуын, азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің құқықтары мен бостандықтарын нақты қорғауды қамтамасыз етуге бағытталуы қажет.

Прокуратураның табиғи ресурстарды қорғау және инвестициялық саясат саласында, ең алдымен шектес мемлекеттермен, әсіресе ТМД-ға кіретін және олардың прокурорларымен халықаралық байланыстарға белсенді қатысу қажеттілігі пісіп-жетілді. Бірінші кезекте Каспий теңізі биоресурстарын қорғау, экологиялық құқық бұзушылық үшін экономикалық-заңдық шаралар жауапкершілігі үйлесімділігі жөніндегі халықаралық міндеттердің орындалуын табиғи ортаға әсер ету арқылы келтірілген зиянды өтеу жөнінде қадағалау мәселесіне назар аудару қажет.

Прокуратура органдарының қызметін ұйымдастыру және бағалау кезінде олардың жұмыстарының формальды-сандық көрсеткіштерінен бас тарту қажет, өздерінің

субъективтік құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін халықтың прокурорға сенім деңгейі мен жүгіну дәрежесіне баса назар аударылуы керек.

3. Қазақстан Республикасының сот жүйесінің дамуы

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы" Конституциялық заңы сот жүйесі алдына ең алдымен аудандық (қалалық) сот деңгейінде әділ сот органдарын әрі қарай жетілдіру тапсырмаларын қойды.

Сот істерінің басым көпшілігі аудандық соттарда қаралатындықтан, негізгі салмақ сот жүйесінің осы буынына түседі, өйткені азаматтар мен заңды тұлғалардың әділ сотпен алғашқы таныстығы осы жерден басталады.

Аудандық соттардың судьялары халықпен тұрмыстық және қызметтік деңгейде тікелей қарым-қатынаста болып отырады. Сондықтан судьяның кәсіби және моральдық бейнесі негізгі рөл атқарады және олардың қызметтік және тәртіптік этикасы үнемі қоғамдық бақылауда болып отырады.

Жоғары тұрған соттарға адвокаттар - қорғаушылар шағымданса, аудандық соттарға әдетте, азаматтардың өздері келеді. Сондықтан да аудандық соттар реформалау әсеріне тез бейімделеді және ол өз кезегінде азаматтардың әділ сотқа деген көзқарасын қалыптастырады.

Мамандандырылған экономикалық және басқа соттар институтын келешекте жетілдіру мәселесін қарастыру перспективасы ұсынылып отыр, өйткені ол сот процесіне қатысушылардың заңды мүдделері мен құқықтарын сенімді қорғау және қабылданған заңдардың нақты орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Сот жүйесі қызметін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі әкімшілік юрисдикция соттарын құру мүмкіншілігін қарастыру керек. Осы юрисдикция аясында азаматтар, шаруашылық субъектілері және билік өкілеттігі берілген түрлі мемлекеттік органдар арасында қалыптасатын әкімшілік-құқықтық қатынастарға қатысты барлық даулар қамтылған.

Соттармен кәмелетке толмағандар қатысқан істерді, сондай-ақ олардың өзгешіліктерін қарау кезінде заңдылықтың қатаң сақталуы қажеттілігін назарға ала отырып, ювеналдық соттар құру мәселесін қарау қажеттілігі туындайды.

Сот ісін жүргізу. Сот ісін жүргізуді одан әрі дамытудың маңызды бағыты тараптардың бәсекелестік және тепе-тең принциптерін іске асыру болып табылады. Бәсекелестіктің негізінде диспозитивтік жатыр, яғни зерттеу шегін сотпен емес осындай талаптарға негізделген дәлелдеу шеңберін белгілейтін талаптарды ұсынушы тараптар белгілейді.

Осы проблема өзіне адвокат жалдау мүмкіндігі жоқ адамдардың мүддесін қорғау үшін мемлекеттік адвокатура құру мәселесін қарау қажеттілігімен тығыз байланысты болып отырғанын атап өткен жөн. Бұл орайда адвокатқа тек қана қылмыс жасаған

айыпкерлерге немесе сезікті тұлғаларға ғана емес қылмыстан зардап шеккендерге заңгерлік көмек көрсету құқығын беру туралы мәселесін мақсатқа сай қараған жөн.

Сот ісін жүргізуде тараптардың бәсекелестігі мен тең құқылығы принциптерін шынайы бекіту мақсатында, судьялардың алаламаушылығы және олардың сот төрелігін жүзеге асырған кезде сот басшыларының сот актілерін (ұсыныстар енгізу) қарсылық білдіру институтын тарату қажет.

Осы мақсатта соттарда әділ сот процесінде әкімшілік мәселелермен айналысудан түпкілікті шектеу әрі сот басшыларын барлық деңгейдегі соттар қызметін материалдық-техникалық және ұйымдастыру жөніндегі тапсырмаларды шешуден және оларды судьяға тән емес функциялардан толық босату керек.

Осы шаралардың барлығы азаматтардың конституциялық құқықтарын соттық қорғауға бағытталған, жергілікті соттар судьяларының штаттық санын едәуір көбейтуді қажет етеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізуде адам құқығын қорғаудың маңызды кепілі - алқа заседательдерін қатыстыру мүмкіншілігін жүзеге асыруды қарастыру қажет.

Мәселенің ең бір маңыздылығы сол азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын шектейтін тергеудің жеке әрекетін жүргізгенде сот бақылауын кеңейту болып табылады.

Соттардың қызметін ұйымдастыру. Сот шешімдерін орындау жөнінде жұмыстарды ұйымдастыру түбегейлі жақсартуды қажет етеді. Сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ететін қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер енгізуді қажет етеді, бұнда жауапкершіліктің шынайы тетіктерін ғана емес (қылмыстық, әкімшілік, материалдық) сонымен бірге нәтижелі тетіктермен нығайтылған ұтымды, шешімдерді орындамағаны үшін жауапкершілік туралы норманы енгізу процедурасын қарастыру қажет.

Бұл тек қарызгерлерге ғана қатысты емес, сот орындаушыларын қоса мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына да қатысты. Сот орындаушылардың штаттық санын арттыру мүмкіндігі жөніндегі жұмысты жандандырып, сөйтіп сот орындаушылардың санын судьялардың жалпы санына жеткізуді қарастыру керек. Сот орындаушыларының атқарып жатқан жұмыстарының жүгі өте көп және бұл жыл өткен сайын көбейіп отыр, оның негізгі себебі - сот қаулыларының уақытында орындалмауында. Сот орындаушыларының жұмысын ынталандыру қажет, сонымен бірге оларды арнайы оқыту арқылы біліктілігін көтеру керек. Тұтастай алғанда, сот орындаушыларын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді түбегейлі жақсарту қажеттілігі туындайды.

Сот шешімдерінің орындалуын бақылау сотқа жүктелуі тиіс. Керісінше жағдайда орындалуы бекітілмеген сот үкімі міндетті сипат алмай, ресми түрде қалып қояды. Сондықтан ҚР АІЖК-де сот тарапынан осындай бақылауды жүзеге асыратын іс жүргізу нормалар тетігін қарастыру қажет.

Сот төрелігін жедел және сапалы жүзеге асыру мақсатында соттардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру мәселелеріне үнемі назар аударып отыру қажет.

Сот төрелігін жүзеге асырған кезде судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету олардың әлеуметтік және материалдық мәртебесін көтеру мақсатында, сонымен қатар судьялық лауазымдық қызметке кадрларды объективті және жариялық түрде іріктеу соттарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету және ұйымдастыру жөнінде мемлекеттік органның рөлін арттыру қажет.

Сот жүйесінде жүргізіліп отырған қайта құруларда кадрлық қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу және кейін оны іске асыру маңызды бағыт болып табылады, оған сот кадрларын аттестациялау мәселелеріне байланысты судьялардың кәсіби біліктілігін арттырудың негізгі қырлары да енгізілуі тиіс.

Судьялардың тәуелсіздігін нығайту және судьялық этика. Қазіргі кезде атқару билігінен судьялардың сыртқы тәуелсіздігі мәселесі, судьяларды ауыстырмау кепілдігі заң деңгейіндегі иммунитеті негізінен шешілді.

Судьяларды және куәларды қылмыстық қауымдастық тараптарының қаупінен қорғаудың тиімді шараларын әзірлеу маңызды көкейтесті мәселе болып қала беруде. Бұл мемлекет тарапынан елеулі қаржы салымдарын қажет етеді. Мемлекет шығындары зор болады, алайда қайтарымы да зор: осындай бағдарлама арқасында жүздеген ауыр және аса ауыр қылмыстар ашылады.

Сот жүйесінде осы немесе өзге шешімдерді қабылдау құқықтық және әлеуметтік салдарды болжауда осыған сәйкес жүргізіліп отырған кешенді реформалардың маңызды принципі болып қала береді.

Әрбір ұсыныстар ең аз дегенде, қолданылып жүрген құқықтық жүйеге әсер етуі тиіс өзгерістер тұрғысынан сарапталғаны маңызды.

Осыған байланысты сот жүйесін әрі қарай дамытуда ғылыми қолдау күмән тудырмайды, сот төрелігін жүзеге асыру саласында зерттеу жүргізуге және судьялық қауымдастық органдарын ғылыми-зерттеу қолдауын қамтамасыз етуге ықпал етуі тиіс.

Мұндағы ерекше үміт Әділ сот академиясына жүктеледі, осының қамқорлығымен құқық және экономика саласының жоғарғы білікті мамандарын тарта отырып, ғылыми орталық құру көзделіп отыр.

4. Мемлекеттік дамудың халықаралық-құқықтың қырлары

Қазіргі әлемдік дамудың негізгі үрдістерінің бірі болып табылатын ғаламдастыру процесі халықаралық экономикалық және саяси қатынастардың жаңа жүйесін туғызады және экономика мен кәсіпкерлік қызмет саласынан басқа саяси, әлеуметтік және ақпараттық саланы да қамтиды, мемлекет өзінің сыртқы саясатында және шарт жасасу тәжірибесінде мұны ескермей тұра алмайды.

Ғаламдастыру процесі қазіргі халықаралық қатынастар мен дипломатияның барған сайын көп жақтылы болуымен де сипатталуы, бұл мемлекеттер мен халықаралық құқықтың басқа да субъектілерінің бірлескен күш-жігерімен көптеген халықаралық проблемаларды шешу, қоршаған ортаны қорғау, терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресу және т.б. қажеттілігінен туындап отыр.

Әлемде болып жатқан процестер мен оқиғаларды ескере отырып, Қазақстан ең алдымен сыртқы саясаты мен шет мемлекеттермен қарым-қатынасында, ең алдымен Республиканың ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс бағытты айқындап алады.

Қазақстанның халықаралық-құқықтық шарт жасасу саясаты таяу онжылдықта Қазақстанды интеграциялық процестерге тартуға, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты оңтайландыруға; Қазақстан Республикасы үшін орындылығы мен экономикалық пайдасын ескере отырып халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты іске асыруға бағытталуы тиіс. Осы мақсатта ұлттық заңдылықтан басымдығы бар халықаралық шарттарды жасағанда сабырлылық таныту керек; қатысуы ел үшін нақты саяси және экономикалық пайда келтіретіндерге ғана қосылу қажет. Қазақстан Республикасының заңнамалық базасын қабылданған халықаралық міндеттемелер мен халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар аясында құқықтық-шарт саясаты таяудағы он жылда қарусыздану, экология, сауда, халықаралық терроризм, ұйымдасқан қылмыс, қылмыстық жолмен алынған табыстардың ағылуы, этникааралық қатынастар, адам құқығын қорғау, мәдени мұраларды сақтау және т.б. халықаралық проблемаларды шешуге бағытталады.

Халықаралық қатынастарға жүргізілген талдау қорытындысы Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінен бастап жасалған халықаралық шарттарға тыңғылықты түгендеу жүргізу қажеттігін көрсетті.

Интеграциялық қатынастарда Қазақстан үшін маңызды бағыт Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД) болып отыр, осының аясында Қазақстан Республикасының шарттық-құқықтық саясаты ТМД елдеріне мүше мемлекеттермен ынтымақтастықты қолдауға және нығайтуға бағытталады.

Қазақстан мен оның экономикасы үшін маңызы төмен емес мүдде Еуразиялық экономикалық қоғамдастығына қатысушы мемлекеттермен шарттық қатынастарды нығайту болады.

Осыған байланысты басымдылық міндеті ұлттық және ортақ мүдденің оңтайлы үйлесімділігін сақтау негізінде толыққанды Кедендік одақ және біртұтас экономикалық кеңістікті құру болып табылатын Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құрудың маңызы бар.

Осымен бірге ел қажеттілігі мен жағдайының өзгеруі Шанхай ұйымы ынтымақтастығының шеңберінде өзара іс-қимылды кеңейту, Каспий аймағы мәселесін

бейбіт түрде шешуде дипломатиялық күш-жігерді жандандыру сияқты бағыттарға баса назар аударуды талап етеді.

АӨСШК және 1999 жылғы 14 қыркүйектегі АӨСШК-ке мүше мемлекеттердің өзара қарым-қатынасты реттейтін принциптер туралы Декларацияны іске асыру жөнінде шаралар қолдану осылайша Азия мемлекеттерінің қауіпсіздігі мен аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері Қазақстан Республикасының құқықтық-шарт жасасу саясатының маңызды объектісі болып қала береді. Қазақстан АӨСШК-ның бастамашысы белсенді мүшесі ретінде ғылым мен техника, көлік және коммуникация, энергетика, сауда және экономика салаларында көп жақтылық ынтымақтастық т.с.с. мәселелер бойынша бағдарлама құжаттарын дайындайды.

1966 жылғы 16 желтоқсандағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге, 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіге, 1966 жылғы 16 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің Факультативтік хаттамасына, қылмыстық қудалау саласында, сонымен қатар БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық шегінде қабылдаған жол қозғалысы қауіпсіздігі саласына қосылу еліміздің көлік коммуникация кешенінің өркендеуіне ықпал ететін Еуропалық Конвенция келісіміне қосылу аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Рим халықаралық қылмыстық сотының мәртебесін қабылдағаннан бастап Қазақстан саяси еркіндік танытқан және адамға қарсы қылмысты әділ сотты жүзеге асырудың жан-жақты халықаралық тетігін құруды қолдаған мемлекеттердің ішінде болды.

Қазақстан Республикасы адамзатқа қарсы жасаған қылмыскерлерді, соның ішінде жаппай қырып-жою, соғыс қылмыскерлері және апартейд кінәлілерінің жазасын кешірмеу күресі халықаралық қауымдастығымен жауапкершілікті бөлісуге дайын екенін білдіреді. Осыған байланысты тыңғылықты түрде мемлекеттің ұлттық мүддесін ескере отырып, Қазақстанның халықаралық қылмыстық соты мәртебесіне қосылуын қарастыру қажет.

Халықаралық-құқықтық дамудың бірден-бір басым бағыты қылмыстық және азаматтық істер, жедел-ізвестіру, ғылыми-техникалық және статистикалық ақпарат беру, алмасу, сондай-ақ келісілген іс-шаралар мен арнайы операциялар, өзара тағлымдамалар мен мамандарды оқыту туралы екі жақты халықаралық шарттарды әзірлеу және жасасу болып табылады.

Сонымен қатар ТМД, ЕуразЭҚ, және ОАЭҚ-ға қатысушы елдерінің шегінде және қылмыстың қауіпті түрлерімен бірлесіп күресу, қылмыстық істер бойынша қылмыскерлерді тапсыру, қылмыстық қудалаушылық, қылмыстық көмек, қабылдау (беру) мәселелері жөніндегі басқа да мемлекеттердің халықаралық шарттарына қатысуға бағытталған орынды шараларды қабылдау ұсынылады.

Сондай-ақ Қазақстанның халықаралық ұйымдар қызметіне қатысуын кеңейту мәселелері қаралуы қажет.

Шекара арқылы өтетін су ағындарын реттеп шешу өз кезегін күтіп тұр. Бұның шешімі тараптардың суды ластауды азайту, шектеу тетіктерін болдырмау жөнінде белсенділікті және судың сапасын төмендетуімен тиімсіз пайдалануға қатаң шаралар қолдануды талап етеді.

Халықаралық жеке құқық саласында Қазақстанның негізгі саяси бағыты: материалдық-құқықтық үндестіру және тауарларды сатып алу, сату, авторлық құқық, несие есеп қатынастары саласында коллизиялық норма, интеграциялық процестер мен құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру, ұлттық және шетелдік құқықтар арасындағы айырмашылықтарды белгілеу, мемлекеттік иммунитеттің шектеулі теориясын, халықаралық коммерциялық төрелік сот пен аралық сот туралы заңды жетілдіру болуы тиіс.

5. Қорытынды

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының маңызды құрамдас бөліктері орталық және жергілікті мемлекеттік органдарды тікелей өмірге енгізу жөніндегі практикалық қызметі болып табылады. Құқықтық саясатты іске асыру мақсатында заңнамаларды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажет.

Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген шараларды орындау Қазақстанда демократиялық, әлеуметтік, құқықтық мемлекет құруға ықпал етеді.

Тұжырымдаманы іске асыру дәрежесі, тиімділігі құқықтық саясат мазмұнының деңгейіне, құқықтық норманың қалай қабылдануына, қоғам мүшесі мен мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілердің белгілерін өз еркімен адал орындау және түсіне білуіне байланысты болады.

Осы Тұжырымдаманың базасында Республиканың құқықтық саясатының түрлі бағыттары бойынша (сот жүйесін жетілдіру жөніндегі, құқық қорғау органдарының қызметі, заң оқулары және т.б.) салалық бағдарламалар әзірленетін және қабылданатын болады.

Бұл ретте, барлық іс-шаралар мен бағдарламалардың жүйелілігі және нәтижелігі, олардың ізгілікке бағытталуын; демократиялық құқықтық дамудың әлемдік тәжірибесінің Қазақстан жағдайына бейімделуін; нормативтік құқықтық реттеудің нақты шараларын алдын алу сипатында түзетуді және іске асыруды жасауы және республиканың бірте-бірте жан-жақты дамуы процесінде туындайтын болжамды әлеуметтік, экономикалық және саяси қырларына қатысты тиімді құқықтық қолданылу принциптерін ұстануы қажет.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК